



Қазақ тілі оқытушысының күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Білім беру ұйымы ЖШС «Талшын» жекеменшік бөбекжай балабақшасы

Топ: «Балдырған» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3- жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: 2022-2023 оқу жылы.

№	ҰОҚ тақырыбы	ҰОҚ мақсаты	Сөйлеуді дамыту тараптары	Сөздік жұмыс	Құрал-жабдықтар	Ойын мен жаттығулар	Сағат саны
2	"Сәлем - сөздің анасы. Кел, танысайық!".	Қазақ тілін тыңдап, түсінуге, қабылдай алуға үйрету, ересек адамның үлгісі бойынша амандасуды, қоштасуды, өзін таныстыруды білдіретін сөздерді түсініп, қолдана алады, сөздердегі дауысты дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздер мен сөз тіркестерін енгізу, "сәлеметсіз бе", "сау болыңыз", "менің есімім", "бұл мен".	Қуыршақ Дана. Ксилофонның әдемі әуенді соло ойнаған аудиожазбасы. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуен жазбасы. Қол айнасы.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. Ғажайып сәт. Қонаққа қуыршақ Дана келеді. "Қуыршақ Дананың әні" тақпағы мәнерлеп оқу. Қуыршақ арқылы балалармен әңгімелесу, қарым-	1

						қатынасқа түсу. "Біз қадам басамыз, біз үлкен боп өсеміз" сергіту сәті. "Менің атым кім?" сөздік жаттығуы. Кейіпкермен қоштасу. Қимыл-қозғалыс жаттығуы.	
3	"Үй жануарлары және оның төлдері".	Қазақ тілін тыңдап, түсінуге, қабылдай алуға үйрету. Балаларды өздеріне таныс ертегіні айтып беруге ынталандыру. Жұрнақтар мен жалғауларды дұрыс қолдануға үйрету, жануарларды атау және төлдерінің аттарын есте сақтауға, қарама-қарсы мағыналы сөздерді (үлкен-кіші) ажырата білу дағдыларын қалыптастыру; жануарлар мен олардың төлдері қалай дыбыстайтыны туралы білімдерін бекіту.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздер мен сөз тіркестерін енгізу, "қозы - қошақан", "бота - ботақан", "лақ - шұнақ құлақ", "бұзау - бұзауқан", "құлын - құлыншақ".	Ширма, ит бейнесі; «Тышқан, ит және мысық» үстел театры, жануарлар мен олардың төлдері, үйі, жануарлар моделі бейнеленген иллюстрациялар.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. Жұмбақ жасыру. Сурет бойынша сұрақ-жауап. "Тышқан, ит және мысық" ертегісі. "Енесін тап" дидактикалық ойыны. "Не қалай жүреді?" сергіту сәті. "Не артық?" дидактикалық ойыны. "Байқампаз бол!" дыбыстық ойыны.	1

						"Төлдерді тамақтандыр" тыныс алу жаттығуы. Кейіпкермен қоштасу. "Көк шалғында демалдық" рефлексиясы.	
4	"Ойыншықтары м көп менің, Бәрін жақсы көремін!".	Қазақ тілін тыңдап, түсінуге үйрету, ойыншықтарды атауға, ересек адамдардың өтінішіне жауап беру, өз өтініш білдіре білуге, сұрақтарға жауап бере алу; сөздердегі дауысты дыбыстарды, оның ішінде қазақ тілінің төл дыбыстарын дұрыс дыбыстауға үйрету.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "ойыншықтар", "текше", "доп", "қоян". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "мә, ала ғой", "біз ойнадық" сөздік қорларын белсендіру.	Ішінде ойыншықтары бар қорапша. Көрсеткіш. Ойыншықтар: доп, қуыршақ Дана, қоян, текше, машина. Бейнеролик: домалап кеткен доп, көк көйлек киген қуыршақ күннің суретін бейнелейді, қоянмен билейді. Ғажайып сәттің аудиожазбасы, сергіту сәтіне арналған орташа	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Ғажайып сәт. Кіріспе әңгіме. "Қораптың ішінде не бар?" дидактикалық ойыны. "Бізбен бірге ойнандаршы" сергіту сәті. "Не алып келдің?" жаттығуы. "Мә,.. ала ғой" жаттығуы. Көркем сөз. "Доп домалап домалақ". "Ойыншықтар шаршады" рефлексиясы.	1

					темптегі ырғақты әуен жасзбасы. Манипуляцияға арналған ойыншықтар.		
5	"Алтын күз. Сап - сары жапырақтар".	Қазақ тілін тыңдауға, күзгі табиғат, күзгі еңбек түрлерімен, күз мезгілінің белгілерімен таныстыру, жапырақтар, көкөністер мен жемістерге тән түстерді атауға үйрету, тақырып бойынша фонетикалық сөздік ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін, сөзін түсіну.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "егін", "алтын күз", "сары жапырақтар", "көкөністер", "жемістер". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "күздің белгілері", "сарғаю" сөздік қорларын белсендіру.	Сиқырлы әуеннің аудиожазбасы, Кейіпкер Жапырақтың қиылған әдемі кескіні немесе суреті, «Күз» мезгілі бейнеленген суреттер, «Сәйкестендір» дидактикалық ойынына арналған әртүрлі ағаштардың үлкен және кішкентай жапырақтары, сергіту сәтіне арналған классикалық әуеннің аудиожазбасы.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Жұмбақ жасыру. (Жапырақтар) Ғажайып сәт. Суретпен жұмыс. "Күз" тақырыбына сөздік жұмысы. Сергіту сәті. "Өн бойымды тік ұстап". (С. Қалиұлы) "Сәйкестендір" дидактикалық ойыны. Саусақ жаттығуы. "Бұлт жиналды, жиналды". Көркем сөз. "Сап-сары жапырақтар" (М. Мақатаев) өлеңін мәнерлеп оқу. Өлеңді музыкалық-	1

						қозғалмалы қимылдарды орындау, сөздерді қайталау жаттығуы. "Алуан-алуан жапырақ" ойын рефлексиясы.	
6	"Не қайда өседі?". Көкөністер мен жемістер. Түстер әлемі".	Қазақ тілін тыңдауға , көкөністер мен жемістердің атауларын есте сақтауға және оларды бір бірінен ажырата білуге , көкөністер мен жемістерге тән түстерді атауға үйрету, тақырып бойынша фонетикалық сөздік ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін, сөзін түсіну.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу "алма", "алмұрт", "апельсин", "қызанақ", "қияр", "сәбіз". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "бақшада өседі", "бақта өседі" сөздік қорларын белсендіру.	Көлік сигналының аудиожазбасы, сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуен жазбасы. Көрсеткіш. Ойыншық жүк көлігі немесе көкөністер мен жемістер (сәбіз, қызанақ, қияр, алма, алмұрт, апельсин) тиелген жүк көлігінің демонстрациялық суреті. Көкөністер (сәбіз, қияр, қызанақ) мен жемістердің	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Ғажайып сәт. Көркем сөз. "Гүр-гүр-гүр" "Көкөністер мен жемістер" дидактикалық ойыны. "Көкөністер мен жемістер" сергіту сәті. "Қандай түсті?" дамытушылық ойыны. Көркем сөз. "Қияр, пияз, қызанақ". Қоштасы рәсімі. "Не жоқ?" зейінге арналған жаттығуы.	1

					(алма, алмұрт, апельсин) муляждары немесе демонстрациялық суреттері. Үш бірыңғай түсті қызыл, тоқсары, жасыл түсті панно (А4 - А3) Заттық суреттер (ойынға ықшамдалып қиылған) 1/4 А4 өлшемді: сәбіз, қызанақ, қияр, алма, алмұрт, апельсин. Үш түсті панноның түстерімен: қызыл, жасыл, тоқсары тура сәйкес келетін көкөністер мен жемістер.		
7	"Нан дастарханға	Қазақ тілін тыңдауға, тақырып бойынша фонетикалық сөздік	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің	Сөздік қорына келесі сөздерді	Ойыншық Бауырсақ,	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы	1

	қалай келеді?". ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін, сөзін түсіну, нанның дастарханға келу жолы туралы білімдерін қалыптастыру.	дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	енгізу: "бидай", "нан өнімдері", "ұн", "егін". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "егін егеді", "егін орады", "диірменге тартады" сөздік қорларын белсендіру.	суреттер : қоян, қасқыр, аю, түлкі; сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуен жазбасы. Көрсеткіш. Демонстрациялық - сюжеттік суреттер: жерді жыртып жатқан, бидай сеуіп жатқан, бидай өсіп келе жатқан, масақ теріп жастқан, ұн тартып жатқан, нан пісіріп жатқан суреттер. "Үшіншісі артық" ойынына арналған суреттер (мысалы: бір карточкада: нан, тоқаш, шұжық; екінші карточкада: печенье, батон, сут т.с.с.	Жұмбақ жасыру. (Бауырсақ) "Бауырсақ" ертегісі желісімен диалог ойыны. Сергіту сәті. "Бидайдың дәнін аламыз". "Содан кейін не істейміз?" дидактикалық ойыны. "Үшіншісі артық" дидактикалық ойыны. Артикуляциялық жаттығу. Кейіпкермен қоштасу. Ойын рефлексиясы.	
--	---	---	--	---	--	--

8	"Алтын күз. Жыл құстары".	Қазақ тілін түсінуге, "күз" сөзін қолданып, септік жалғауларын өзгерте отырып қарапайым сөз тіркестерін құрауға, құстардың атын атауға, табиғат құбылыстары туралы шағын төрт жолдық өлең жолдарын айту арқылы жыл мезгіліне, жаңбырға, жауған жапырақтарға деген қарым-қатынасын білдіруге үйрету.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, " күз", "құстар", "жапырақтар түседі". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып"жаңбыр тамшылары тамады", "жапырақтар, ұшыңдар" сөздік қорларын белсендіру.	Вальс әуенінің аудиожазбасы ("Күз келді"). Көрсеткіш. Құстардың дыбыстарының аудиожазбасы: дала қазы, көкек, жапалақ. Демонстрациялық суреттер: дала қазы, көкек, жапалақ. Күзгі ағаштар, түсіп жатқан жапырақтар бейнеленген күзгі бейненің суреті. Күз туралы бейнеролик.. "Күз" тақырыбында мнемочарточкала (маркер). Әр балаға қағаздан қиылған екі - екі жапырақтар:	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. Сурет көрсету. "Қонаққа күз келді". Пейзаж суреті: күз келді " Көркем сөз. "Күз ханшайым сыбырлап". Күз туралы бейнеролик негізінде "Күз мезгілі" әңгімесі. Мнемочарточкаларға сүйеніп әңгіме бойынша диалог жаттығуы."Жапырақтар, ұшыңдар" сергіту сәті. Саусақ жаттығуы "Жаңбыр". Қимылдарды орындап, сөздерге ілесіп қайталау жаттығуы.Қоштасу рәсімі. "Жапырақтарды жинайық"	1
---	------------------------------	---	--	--	---	---	---

					бірыңғай екі сары немесе бір сары және бір тоқсары жапырақтар. Жапырақтар жинауға арналған шелек.	рефлексиясы.	
9	"Күзгі жаңбыр".	Қазақ тілінде жаңбыр түрлерінің атауларын атауға үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен жаңбырдың жауғанын, жапырақтардың түсуін білдіретін сөз тіркестерін құруға, зат есіммен сын есімдердер сөз тіркесін құруға үйрету.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, " күз", "жаңбыр", "нөсер". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып"жапырақтар сарғаяды", "жаңбыр жауады", "құстар ұшып кетеді" сөздік қорларын белсендіру.	"Күз", "Жаңбыр" тақырындағы демонстарциялық суреттер, жаңбырдың дыбысы жазылған аудиожазба, тыныс алу жаттығуына арналған атрибуттар Әр балаға арналған ысқыштар, су құйылған ыдыстар, қол сұртуге арналған майлықтар.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Күз туралы кіріспе әңгімелесу. Күз туралы мәнерлеп өлең оқу. "Күз, күз, күз келді". Ғажайып сәт. Тыныс алу гимнастикасы. Саусақ жаттығуы: "Қызықты серуен" (сөздерді ілесіп айту). Сергіту сәті. "Тырс - тырс біздерге..." "Жалғастырып айт" дидактикалық ойыны. Шағын тәжірибе.	1

						"Жаңбыр жауғызып көрейік". М. Мақатаевтің "Сап-сары жапырақтар" өлеңін жатқа мәнерлеп айту. Ойын рефлексиясы. "Жаңбырдың тамшыларын салайық".	
10	"Жолға дайындал...". Көліктер. Түстер әлемінде."	Қазақ тілінде көлік түрлерінің атауларын, негізгі түстерін тыңдап, атауға үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен көліктердің жүру амалдарын білдіретін сөз тіркестерін құруға, зат есіммен сын есімдердер сөз тіркесін құруға үйрету, көліктердің жүру амалдарын бере алатын буындарды айтуға үйрету.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "көлік", "кеме", "ұшақ". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "көк ұшақ", "сары автобус", "қызыл машина", "жасыл кеме" сөздік қорларын белсендіру.	Жолда келе жатқан көлік туралы бейнеролик. Заттық демонстрациялық суреттер: машина, жүк көлігі, автобус, паровоз, кеме, ұшақ (А4). Көрсеткіш. Заттық демонстрациялық сурет карточкалары (1/2 А4) төртеуінің бірі артық: қызыл	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Көшедегі көліктер қозғалысы жайында қысқаша бейнеролик көрсету. Көркем сөз. Жұмбақ жасыру (көліктер, машиналар). Суреттер негізінде көліктер туралы әңгіме. "Машиналар жүреді, жүреді" ым-ишарамен көрсету арқылы сөздік жаттығуы.	1

					қызанақ, қызыл ту, көк ұшақ, қызыл таңқурай; жасыл қияр, сары автобус, жасыл алмұрт, жасыл жапырақ; сары күн, сары жапырақ, қызыл машина, сары лимон; тоқсары сәбіз, жасыл кеме, тоқсары апельсин, тоқсары төменгі (іш) көйлек. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуен жасзбасы. Заттық таратпалы суреттер (1/4 А4): машина, автобус, паровоз, кеме, ұшақ.	"Сенде не бар?" жаттығуы. "Қонақтар немен жетті?" сергіту сәті (артикуляциялық жаттығу). "Не артық?" дамытушылық ойыны. "Әр түрлі көліктер" рефлексиясы.	
11	"Жабайы аңдардың қысқа	Орманда мекендейтін жабайы жануарлар туралы білімді тереңдетуге және жалпылауға	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "қоян",	Ақпараттық слайд, тыныс алу жаттығуына	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Мультфильмнен	1

	дайындығы. Қоян тонын неге ауыстырады?".	ықпал ету, күз мезгіліне тән белгілерімен таныстыруды жалғастыру, жиі қайталанатын қажетті сөздер мен сөз тіркестерін (қазақ тілінде) есте сақтап, оларды дұрыс қолдана білуге үйрету.	дамыту.	"түлкі", "аю". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "қоян тонын ауыстырады", "аю ұйқыға жатады", "қасқыр жортып жүреді" сөздік қорларын белсендіру.	арналған бұлттар, дидактикалық ойынға арналған суреттер, көрсеткіш, рефлексияға арналған қоянның кескіні мен мақталар, желім. Әр балаға ақ түсті және сұр түсті парақтар мен ақ түсті қояндар	үзінді көрсету негізінде әңгімелесу. Қоян туралы ақпараттық слайд көрсету негізінде тақпақ жаттату. "Мен сәбізді сүйемін". Сергіту сәті. "Түлкі, түлкімін". "Қоян көрінеді - көрінбейді" жаттығуы (диалог). Тыныс алу гимнастикасы. "Сиқырлы бұлттар". "Шыршаның артында не жасырынған?" дидактикалық ойыны.	
12	"Орманда нелер мекендейді?". Жабайы аңдар".	Орманда мекендейтін жабайы аңдардың атауларын есте сақтауға, ертегіні ("Сәулетті үйшік") мұқият тыңдауға, таныс жабайы аңдардың атауларына сүйене отырып,	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалы	Сөздік қорына келесі сөздер мен сөз тіркестерін енгізу, "ертегі",	Ойыншық қоян немесе қоянның суреті салынған сурет. Жабайы жануарлардың	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. Ғажайып сәт. Көркем сөз. "Мен орманда мекендеймін" өлеңін	1

		мазмұнын түсіне білуге үйрету, ертегіде жиі қайталанатын қажетті сөздер мен сөз тіркестерін (қазақ тілінде) есте сақтап, оларды дұрыс қолдана білуге үйрету.	қ құрылымын дамыту.	"жабайы аңдар", "сәулетті үйшік". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "орманда мекендейді", "Сәулетті үйшікте кім тұрады?" сөздік қорларын белсендіру.	демонстрациялық суреттері: қоян, қасқыр, аю, түлкі. Бөлтірік пен қонжықтың дыбыстары жазылған аудиожазба. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуен жасзбасы. Көрсеткіш. «Сәулетті үйшік» ертегісінің мазмұны бойынша тақырыптық суреттер.	мәнерлеп оқу. "Орманда нелер мекендейді?" жаттығуы. "Аңдар сияқты жүреміз" сергіту сәті, "Сәулетті үй" ертегісін айтып беру. "Қай аң жасырынған?" дидактикалық ойыны. "Тыныштық" рефлексиясы.	
13	"Қыс қызығы".	Қазақ тілінде қыс мезгілін жыл мерзімі ретінде жалпылау және жүйелеу, қыс мезгілі туралы білімдерін кеңейту. Қысқы іс-шаралар тек қыс мезгіліне тән деген түсініктерін бекіту. Көркем сөз арқылы балалардың	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "қыс", "қар", "аяз". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "ақ",	Боранның аудиожазбасы, слайд материалдары, «Қыста қалай киінеміз?» дидактикалық ойынына (қыстық	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Ғажайып сәт. Жұмбақ жасыру. (Терезе) Қыс мезгілі туралы қарапайым әңгімелесу.	1

		сөйлеуін жандандыру. Сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін үйретуді жалғастыру.		"суық", "үлпілдек", "жарқырайды", "жылтыр", "күмістей", "қытырлақ", "жұмсақ", "ериді" сөздік қорларын белсендіру.	киімдердің суреті) және «Қалың қардың астында не жатыр?» (шана, күн, ағаш, қолғап, бөкебай, шаңғы, коньки) дидактикалық ойынына арналған суреттер. "Айырмашылығы н тап" дидактикалық ойынына арналған әр балаға А4 форматтағы қағазда бір айырмашылығы ғана бар бірдей екі суреттер. Балалардың санына сай ажыратуға арналған жұпты суреттер. Екі аққаланы салустыруға арналған суреттер	"Боран қалай дыбыстайды?" артикуляциялық жаттығуы. "Не үшін?" диалог- жаттығуы. "Қыста қалай киінеміз?" дидактикалық ойынын "Қалың қардың астында не жатыр?" дидактикалық ойыны. Сергіту сәті "Аққала". "Айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны. Артикуляциялық жаттығу. "Әдемі қар түйіршіктері" рефлексиясы	
--	--	---	--	--	---	---	--

					жұптары.		
14	"Үйдің көркі не?". Жиһаздар".	Қазақстан және оның бас қаласы Нұр-Сұлтан жайлы қазақ тілінде тыңдауға үйрету, жиһаз заттарының атауларын атап, не үшін қажеттілігін түсіне білуге үйрету, сұрақтарға біртұтас жауап беру немесе сөйлеудің дұрыс үлгілерін қайталау арқылы диалогқа түсу қабілеттерін дамыту.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "әнұран", "жиһаз", "кереует" (төсек орын), "орындық". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "Біздің еліміз Қазақстан", "үстел басында тамақтанады", "орындыққа отырады", "кереуетке жатады" ("төсекке жатады") сөздік қорларын белсендіру.	Қазақстан Республикасының Әнұранының аудиожазбасы, сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуен жазбасы. Көрсеткіш. Демонстрациялық суреттер: Қазақстанның анимациялық картасы; қаланың негізгі нысандары бар Нұр-сұлтан қаласының көрінісі. Бәйтеректің Бейнесі. Еркежан әженің демонстрациялық суреті. Демонстрациялық заттық суреттер: үстел, орындық,	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындау. Суреттер бойынша мемлекеттік рәміздер туралы қарапайым әңгімелеу. Қазақстан туралы суреттер сериясын көрсету (слайд материалдары). Ғажайып сәт. "Үйде не бар? сөздік жаттығуы. Сергіту сәті "Бәйтерек сияқты". "Қажет, қажет емес" жаттығуы. Жауаптарды пантомима, қайталау арқылы білдіру. Кейіпкермен	1

					кереует (төсек), шкаф, диван. "Жиһаз" демонстрациялық сюжеттік сурет (үстел, орындық, кереует (төсек), шкаф, диван). Ас үй және жатын бөлмелеріндегі жиһаздары дұрыс және қате орналастырған суреттер сериясы.	қоштасу. "Сенде не бар?" рефлексиясы.	
15	"Шыршаның бастан кешкендері".	Ересек адамның көмегімен шағын өлең жаттауға, жаттау барысында мазмұнына деген қарым-қатынасын жеткізе білуге үйрету; қазақ тілінде қыс мезгілі туралы, қысқы мерекелер туралы білімдерін кеңейту. Қысқы іс-шаралар тек қыс мезгіліне тән деген түсініктерін бекіту; көркем сөз арқылы балалардың сөйлеуін жандандыру. Сұрақтарға дұрыс жауап беру керектігін	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "қыс", "қар", "аяз". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "жаңа жыл", "шырша", "аққала" сөздік қорларын белсендіру.	"Сиқырлы ұлпа қар" ойынына арналған атрибуттар: ортасында үлкен, ламинатталған ұлпа қардың кескіні, сол ұлпақардан жан - жаққа 10 шақты ұзынды - қысқалы көк түсті таспалар таралған, әр	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Шаттық шеңбері. "Бақшамызға барғанда" Е. Өтетілеуұлы. "Сиқырлы ұлпа қар" дидактикалық ойыны. Көркем сөз. "Жаңа жыл!" тақпағын мәнерлеп оқу. "Көлеңкесін тап"	1

		үйретуді жалғастыру.			таспаның ұшында кішкентай ғана көлемде суреттер бекітілген. "Көлеңкесін тап" дидактикалық ойынына арналған ламинатталған жаңа жылдық шыршаларды көлеңкелері. Әр балаға арналған «Қысқы бейне» дидактикалық ойынына арналған әртүрлі геометриялық пішіндер.	дидактикалық ойыны. Сергіту сәті."Жаңа жыл"."Қысқы бейне" дидактикалық ойыны. Артикуляциялық жаттығу. Кейіпкермен қоштасу.	
16	"Дана көшеге шығу үшін не киеді?" Киімдер".	Ересек адамның көмегімен шағын өлең жаттауға, жаттау барысында мазмұнына деген қарым-қатынасын жеткізе білуге үйрету; ойын жағдаятына және жыл мезгіліне байланысты киім атауларын дұрыс айтуға	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "киім", "жылы киім", "қолғап", "пима", "күртеше". Келесі сөз	Қоңырау сыңғырының аудиожазбасы, сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Көркем сөз. "Қоңыраулар сыңғыры" тақпағы мәнерлеп оқу. "Жаңа жыл келді" диалогі.	1

		(атауға) үйрету; жаттап алған ойыншық атауларын бекіту.		тіркестерін қолдана отырып "серуенге киеміз", "қоңыраулар сыңғырлайды" , "әдемі шырша" сөздік қорларын белсендіру.	Көрсеткіш (мензер). Қуыршақ Дана. Қуыршаққа арналған түрлі қыстық киім түрлері немесе киімдер мен аяқ киімдердің заттық суреттері. Киімдерге арналған безендірілген қорап. Әр балаға арналған шыршаның бейнесі, шырша бейнесін безендіруге арналған ойыншықтар жинағы (1/12А4) : шар, доп, қуыршақ, құс, қоян, аю, алма, алмұрт, машина (көлік).	Таңғажайып сәт. Қонаққа қуыршақ Дананың келуі. "Дана далаға не киіп шығады?" дидактикалық ойыны "Шапшаң киін" сергіту сәті "Шыршаны безендірейік" (сөздік-тәжірибелік) жаттығуы. "Біз отырмыз үндемей" рефлексиясы	
--	--	---	--	--	--	--	--

17	"Қыстағы ойын-сауық түрлері".	Қар сияқты табиғат құбылыстары жайында, қысқы ойын түрлері туралы білімдерін кеңейту; жағымды көңіл-күйлерін білдіруге үйрету. Қазақ тілін түсінуге, «қысқы ойындар» сөзін қолдана отырып, қарапайым сөз тіркестерін жасауға, сәйкесінше сын есімдердің жалғауларын өзгерте білуге үйрету.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу "шана тебу", "шаңғы тебу", "сырғанау" (етістік), "коньки тебу". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "сырғанақтан сырғанау", "қар атысып ойнау" сөздік қорларын белсендіру.	Қуыршақ Дана, қыстың келгенін білдіретін көңіл-күйді жеткізетін әуеннің аудиожазбасы. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Дидактикалық ойындарға арналған көрнекіліктер.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Ғажайып сәт. "Дананың киімдерін ата!" дидактикалық ойыны. "Қысқы ойын-сауық" тақырыбында сюжеттік суреттер сериясын көрсету. "Қыс қызығы" сергіту сәті (іс-қимылдарын келтіріп өлең жолдарын айту. "Қолғаптардан ұлпа қарларды тазалау" тыныс алу жаттығуы. Кейіпкермен қоштасу. "Тыныштық сәті" рефлексиясы.	1
18	"Қыс бізбен қар атысып ойнайды. Қыс жыл мезгілі".	Қар сияқты табиғат құбылыстары жайында шағын өлең жолдарын қайталауға, анықтап айтуға үйрету; жағымды көңіл-күйлерін білдіруге үйрету. Қазақ тілін	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалы	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "қыс", "қар", "жатыр" (етістік), "қар". Келесі сөз	Қыстың келгенін білдіретін көңіл-күйді жеткізетін әуеннің аудиожазбасы. Сергіту сәтіне	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы "Қыс келді" тақырыбындағы суретті көрсету. Көркем сөз. "Міне,	1

		түсінуге, «қыс» сөзін қолдана отырып, қарапайым сөз тіркестерін жасауға, сәйкесінше сын есімдердің жалғауларын өзгерте білуге үйрету.	қ құрылымын дамыту.	тіркестерін қолдана отырып "аппак қыс", "жерде", "шатырда", "шыршада" сөздік қорларын белсендіру.	арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Шатырларда, жерде, шыршаларда жатқан қардың фонында орналасқан әдемі ақ көйлекке оранған қыстың бейнесінің суреті, ол жоғарыдан қар жауғызады. Көрсеткіш, суретті қарауға арналған «сиқырлы сақина». Қыс туралы бейнефильм: қар ұшқыны, айнала ақ қар, шыршалар мен шатырлардың үстін қар басқан. Қардың жауғанын бейнелейтін	қандай қыс түсті" тақпағын мәнерлеп оқу. "Сиқырлы сақинаны" қолданып "Қыс келді" тақырыбында әңгімелесу. "Үлпілдеген қарлар, бізбен бірге айнал" сергіту сәті. "Қыс келді" суреті бойынша қайталап әңгімелесу. "Қар атысып ойнайық" ойын жаттығуы. Рефлексия: "Қардың түсуін тыңдайық".	
--	--	--	----------------------------	--	---	--	--

					мнемокарталар (маркер). Балалардың саны бойынша қағаздан мыжылған және оралған ақ шарлар.		
19	"Орман тұрғындарының бастан кешкендері".	Қазақ тілінде сөйлеуді түсінуге, аңдардың қысқы тіршілігі жайында білуге және аңдарды атай білуге, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастыра білуге, салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды, сөз тіркестеріндегі сөздердің аяқталуын дұрыс өзгерте білуге үйрету.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына «түлкі», «қасқыр», «аю», «бөлтірік», «көжек», «мыршай», «қонжық» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорларын «аю ұйқыға кетеді», «қоян тонын ауыстырады», «қасқыр мен түлкі жортып жүреді» сияқты сөз	Аңдардың дауысы жазылған аудиожазба. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Демонстрациялық сурет : жабайы аңдардың және олардың күшіктерінің суреттері. Әр балаға түрлі жабайы аңдар мен олардың шашыраңқы орналасқан	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы "Шаттық шеңбері: "Амансың ба, алтын Күн!" Суреттер негізінде жабайы аңдар туралы әңгімелесу. Сергіту сәті. "Қорбандаған аю". "Көлеңкесін тап?" дидактикалық ойыны. Сөздік жұмысы. Өлең жаттату. Артикуляциялық жаттығу. "Дұрыс па, бұрыс па?" дидактикалық ойыны.	1

				тіркестерін қолдана отырып белсендіру.	көлеңкелері бейнеленген, ламинатталған парақтар мен маркерлер.	Рефлексия.	
20	"Құстар біздің досымыз. Қыстап қалатын құстар."	Қазақ тілінде сөйлеуді түсінуге, қыстап қалатын құстарды ажырата білуге және атай білуге, сұрақтарға жауап беру кезінде ең қарапайым сөз тіркестерін дұрыс құрастыра білуге, салыстыру кезінде заттардың көлемін атауды, сөз тіркестеріндегі сөздердің аяқталуын дұрыс өзгерте білуге үйрету. Есту сақтау және көру жадысын, сөйлеу тілін, ойлау қабілетін дамыту. Қыстап қалатын құстарға деген қамқорлық сезіміне сезіміне тәрбиелеу.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына «торғай», «көгершін», «пістелер» ("дәндер") сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорларын «шиқ - шик - шик», «пісте шоқып жейді», «клю - клю - клю», «секіреді» сияқты сөз тіркестерін қолдана отырып белсендіру.	Торғайлардың үні жазылған аудиожазба. Ойынға арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Демонстрациялық сурет: қарлы шатырдың астында отырған торғай, суықтан түрпийіп отыр. Демонстрациялық сурет - көгершін. Бейнеролик: жемшашарда отырған құстар. "Көлемі жағынан қарама - қарсы екі үйі бар қағаз	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. Сурет көрсету. Торғай туралы әңгімелесу (диалогтар). Артикуляциялық, саусақ жаттығуы. "Көгершін толы айнала". Көгершіннің суретін көрсету. "Үлкен және кіші үйшіктер" дамыту жаттығуы. "Торғайлар мен көгершіндер" қимыл-қозғалыс ойыны. "Жемшашарда қонақтап отырған құстар" бейнеролигі арқылы бақылау.	1

					парақтары. Құстардың екі сұлбасы: торғай мен көгершін. (Көгершіннің көлемі - үлкен үйшікпен сәйкес, торғайдың көлемі - кішігірім үйшіктің көлемімен сәйкес). Бала саны бойынша, торғайлар мен көгершіннің маска - тақиялары және мысықтың маска - тақиясы.		
21	"Адамдар. Адам бетінің бөліктері. Тазалық - денсаулық кепілі".	Қазақ тілінде Адам, дене мүшелері, адамның бетінің бөліктері туралы, адамдардың Жердің барлық жерінде өмір сүретіндігі туралы балалардың білімдерін қалыптастыру; пантомимикаға үйрету.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорын кеңейту "қас", "көз", "мұрын", "кірпік", "ерін", "құлақ"). Балалардың	Қуыршақ Дана, жылы су құйылған ыдыс, сабын, сүлгі, «Не жетіспейді?» дидактикалық ойынына арналған суреттер, дене	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Ғажайып сәт. "Қуыршақ Дананы жуындыру" тәжірибелік жаттығу. Көркем сөз. "Шөлп - шөлп қолымыз"	1

				сөйлеуіндегі келесі сөздерді қолдана отырып сөздік қорын белсендіру: "су", "сабын", "көбік", "жуу".	бөліктерін бейнелейтін суреттер, әртүрлі қалаларды бейнелейтін суреттер, сонымен қатар адам тұратын жерлер.	сөздік жаттығуын орындау. "Кішкентай достарымыз қайда?" сергіту сәті. "Не жетіспейді?" дидактикалық ойыны Мақал-мәтелдер жаттату: "Әлсіз денеге ауру ұялайды", "Таза ауа - жанға дауа", "Денсаулық зор байлық". Кейіпкермен қоштасу. "Денемізге рақмет!" рефлексиясы.	
22	"Ас бөлмесінде қандай заттар болады? Ыдыстар."	Қазақ тілінде "ыдыс-аяқ" тақырыбында сөздерді айтып үйрету, екпіндерді дұрыс қолдану; сөздерді есту арқылы, сондай-ақ сөздердің кішірейтетін формаларын ажырата білуге үйретіп, оларды нақты айтуға баулу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына "ыдыс", "кастрөл", "шыныаяқ", "тегеш", "шайнек" сияқты сөздерді енгізу. "Мысық",	Аспаздың қалпағы мен алжапқышын киген, қолында мескесі бар Тарғыл Мысықтың суреті. Әр түрлі ыдыс-аяқтардың	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Ғажайып сәт. Көркем сөз. "Тарғыл мысық". "Дастархан жаямыз" дидактикалық ойыны. "Маша ботқасын	1

				"сүтті жалап ішу", "кис - кис - кис" сөз тіркестерінің көмегімен сөздік қорларын белсендіру.	суреттері: шайнек, шыныаяқ, кастрюль, меске, қасық. "Дастархан жаямыз" дидактикалық ойынына арналған суреттер сериясы. Қасықтың бейнесі салынған сурет. Сүт құйылған ыдыс бейнеленген сурет. Сурет: мысықтың беті, мысық сүтті жалап ішуде. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы.	тауысты" сергіту сәті. Артикуляциялық жаттығу "Мысық". Энциклопедиялық мәлімет. "Мысық сүтті қалай жалап ішеді?" жаттығуы. Кейіпкермен қоштасу.	
23	"Тұрмыстық техника. Қауіпсіздік сақтау."	Тұрмыстық техниканың әр түрлі түрлері туралы, тұрмыстық техниканың мақсаты туралы білімді бекіту, оларды мақсатына қарай ажыратуды үйрету: темір	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу "шаңсорғыш", "кір жуғыш машина",	Үйге қажетті тұрмыстық техникалардың суреттері: үтік, шаңсорғыш, кір жуғыш машина,	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Ғажайып сәт. Затты қарапайым сөйлеу құрылымдары арқылы бақылау.	1

		үтіктеу, шаңсорғыш шаң жинайды, кір жуғыш машинаны жуу және т.б; электр құрылғыларымен қауіпсіздік ережелерін бекіту.	дамыту.	"үтік", "тоңазытқыш", "теледидар". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "үтіктеу", "теледидар көру", "тоңазытқыштан сақтау" сөздік қорларын белсендіру.	тоңазытқыш, теледидар.	"Үшіншісі артық" дидактикалық ойыны. "Сым бойымен ток жүгіріп" сергіту сәті. "Үйдегі көмекшілеріміз" дидактикалық ойыны ("сиқырлы таяқшаны" арқылы). Артикуляциялық жаттығуы. Ойын рефлексиясы.	
24	"Данаға арналған дастархан". Азық-түліктер.	Ұзақ тілінде "Азық-түлік" тақырыбында сөздерді айтып үйрету, екпіндерді дұрыс қолдану; ойын барысында сұрақтарға жауап бере отырып, қарапайым сөйлемдер құруды, жаңа сөздердің септік жалғауларынан қайталап айтқызу.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу, "азық-түліктер", "нан", "сүт", "шұжық", "дәрумендер". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "оның пайдасы зор",	Қуыршақ Дана. Нан, шұжық, сүт және тағы басқа өнімдер тұрған сөрелер «Азық - түліктер» деген жазуы бар сурет. Көрсеткіш. Демонстрациялық заттық суреттер: нан, сүт, шұжық. Дана туралы	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы Ғажайып сәт. Қуыршақ Дананы көрсету. Көркем сөз. "Таңмен бірге тұрамын". "Азық-түлік дүкені" дидактикалық ойыны. Сергіту сәті. "Қолымызды	1

				"нанды жейді", "сүтті үшеді" сөздік қорларын белсендіру.	сюжеттік суреттер. Демонстрациялық сурет: үстел үстінде тұрған көкөністер, жемістер, нан, балық, шұжық, сүт, ірімшік (тәттілер жоқ). Вазағадағы шоколадтар бейнеленген сурет. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Заттық суреттер: алма, алмұрт, сәбіз, шұжық, балмұздақ, нан, апельсин, кәмпіттер, қарбыз.	жуайық". "Дүкеннен не сатып алды?" жаттығуы. "Жаттамақ" жаттығуы ("Қолымызды жуайық".) Кейіпкермен қоштасу. Рефлексия.	
25	"Жыл құстары".	Қазақ тілінде көктемге тән белгілермен таныстыруды	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің	Сөздік қорына «ұя»,	Сурет: суретте көктемгі табиғат	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы	1

		жалғастыру (қар ериді, ағын сулар ағады, құстар ұшып келеді, күн жиі жарқырайды). Балалардың құстар туралы, олардың көктемдегі тіршілігі туралы білімдерін бекіту (олар ұя салады, балапан басып шығарады). Сыртқы түрінің ерекшеліктері туралы білімдерін кеңейту (қауырсын, қанаттар, құйрық, екі аяқ, тұмсық, құстарға тән қимыл-әрекеттер).	дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	«қарлығаш», «ұзақ», «қараторғай» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы: «құстар қайтты», «жыл құстары», «ұя салады» белсендіру.	аясында, ағаштардың бұтағында отырған ұзақ құсы, аспанда қалықтап жүрген қос қарлығаш, балалар жасаған үйшіктің төбесіне қонып тұрған қараторғайдың суреті. Құстардың дыбысы жазылған аудиожазба. Фланелеграф, жыл құстары мен құстап қалатын құстардың бейнелері. "Қай құс ұшып кетті?" дидактикалық ойынына арналған құстардың суреттері. Әр балаға «Жыл құстарын ажырат» дидактикалық ойынына арналған	Шаттық шеңбері: "Қоршаған өмір әлемі". Құстар туралы суреттермен танысу арқылы сөздік жұмысы "Жыл құстарын ажырат" дидактикалық ойыны. "Қай құс ұшып кетті?" дидактикалық ойыны. Сергіту сәті. "Ұяларыңа қоныңдар!" қимыл-қозғалыс ойыны. Артикуляциялық жаттығу. Көктемде ұшып келген құстардың тыныс-тіршілігі туралы бейнеролик көрсету. Ойын рефлексиясы. "Балапандарды ұясына жапсырамыз"	
--	--	---	--	--	---	--	--

					парақтар (А4 форматтағы қағаздың бетінде жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың суреттері). "Ұяларыңа қоныңдар!" қимыл-қозғалыс ойынына арналған аспалы бейдждердің ішіндегі құстардың суреттері.		
26	"Көрікті көктем". Көктем жыл мезгілі".	Тамшы сияқты табиғат құбылыстары жайында шағын өлең жолдарын қайталауға, анықтап айтуға үйрету; жағымды көңіл-күйлерін білдіруге; қазақ тілін түсінуге, «көктем» сөзін қолдана отырып, қарапайым сөз тіркестерін жасауға, сәйкесінше сын есімдердің жалғауларын өзгерте білуге	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына «көктем», «тамшылар», «ағын су», «бұлақ» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері	Сурет: Көктемнің ханшайымның бейнесі. Көрсеткіш, суретті қарауға арналған «сиқырлы сақина». Аққан бұлақтың дыбысы жазылған аудиожазба.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы "Көктем келді" атты суретті көрсету. Көркем сөз. "Сұлу көктем келіп жетті" тақпағын мәнерлеп оқу. "Сиқырлы сақинаның" көмегімен көктем туралы суретті	1

		үйрету.		арқылы: «көктем келді», «тамшы тамады», «қар ериді», «бұлақтар (ағын сулар) ағады» белсендіру.	Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуенін аудиожазбасы. Көктем мезгіліндегі өзгерістерді бейнелейтін мнемокарточкала р. Көктем туралы бейнежазба. Екі баттастырылып сызылған перпендикуляр түзу сызықтармен тең төрт бөлікке, ұяшықтарға бөлінген қағаз парақтары. Күннің және смайликтің аяқталмаған суреттері). Көк қарындаштар.	сипаттап, суреттеу. "Көктем келді" суреті бойынша әңгімелесу. Сергіту сәті: "Алақай! Алақай! Көктем келді!" (қимылдар мен артикуляциялық жаттығу). "Көктем туралы бейнеролик көрсету. Ойын рефлексиясы.	
27	"Наурызым,	«Наурыз мейрамы»	Сөздік жұмыс.	Сөздік қорына	Ойыншық ат, Зере	"Кел, сәлемдесейік!"	1

	армысың!".	тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі сөйлеуді тыңдауға және түсінуге, Наурыз тойының нышандарын білдіретін барлық сөздерді қолдануға, атауға, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдай білуге үйрету.	Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	келесі сөздерді енгізу: "ауыл", "Наурыз мейрамы", "Наурыз көже". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып "мерекені тойлау", "көже пісіру", "ұлттық ойындар ойнау", "тілек, бата айту" сөздік қорларын белсендіру.	әженің суреті, ауылдың әдемі суреті, аудиожазбалар: "Тұлпарым" әні, "Қаражорға" әні, "Тақия тастамақ" ойынына арналған тақия, текеметтің суреті. Әр балаға арналған қызыл және сары түсті гүлдер.	жаттығуы Шаттық шеңбері. "Күн күлімдеп нұр төкті, бізге жолдап: Сәлем!" Наурыз мерекесі жайында әңгімелесу диалог). "Тұлпарым" әнінің қайырмасын айту. Тағамдар жайында жұмбақтар жасыру. Көркем сөз. "Тілек" (Д. Ақбиев) сөзін мәнерлеп оқу. Жаңылтпаш айту. "Су ішпей, ет жедім". Сергіту сәті. Қазақ халқының ұлттық биі "Қаражорға" биін билету. "Тақия тастамақ" қазақ халқының ұлттық ойыны. "Не қалай дыбыстайды?" (Артикуляциялық	
--	------------	--	--------------------------------	---	---	---	--

						жаттығу) Кейіпкермен қоштасу. "Текемет" ойын рефлексиясы.	
28	"Бұл менің отбасым. Отбасы мүшелері."	"Отбасы" тақырыбына байланысты қазақ тіліндегі сөйлеуді тыңдауға және түсінуге, отбасы мүшелерін білдіретін барлық сөздерді, сондай-ақ еркелетіп атау формаларын айтуды, қолдану нысандарын атауға, зат есім мен етістіктен тұратын сөз тіркестерін таңдай білуге үйрету аяқталуы.	Сөздік жұмыс. Байланыстыры п сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалы қ құрылымын дамыту.	Сөздік қорына келесі сөздерді енгізу: "отбасы", "достар", "ақылды". Келесі сөз тіркестерін қолдана отырып"кітап оқиды", "шұлық тоқиды", "түскі ас әзірлейді", "мен көмектесемін" сөздік қорларын белсендіру.	Аланның суреті бейнеленген сурет немесе қуыршақ. Көрсеткіш. Фотосурет: атасы, әжесі, анасы, әкесі, Алан, Дана. Заттық көрнекілік суреттер: атасы, әжесі, әкесі, анасы, ұл бала Алан, қыз бала Дана. Отбасы мүшелерінің іс- әрекеттері бейнеленген суреттер топтамасы.Заттық суреттер (1/2 А4): көзілдірік, қалам, доп, балға, пирамида,	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Ғажайып сәт. Көркем сөз. "Отбасым менің байлығым". "Отбасы портретімен танысу" ауызша жаттығу ("сиқырлы сақинаны" пайдалану). "Шежіре ағашы" дидактикалық ойыны. "Менің отбасым" суретті диктант. "Саусақтар" әнін айту. Кейіпкермен қоштасу. "Әжемнің әлдиі" рефлексиясы.	1

					кастрөл, тоқуға арналған сымдар мен жіптер, ойыншық машина. Мнемокарталар. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Карточкалар (көлденеңінен), екі бірдей бөлікке бөлінген: сол жақта отбасы мүшелерінің біреуі (атасы, әжесі, әкесі, анасы, Алан, Дана), оң жағындағы бөлігі бос. Заттық суреттер: (1/4 А4): доп, қуыршақ, кітап, тоқыма жіптер мен сымдар және		
--	--	--	--	--	--	--	--

					шұлық, бәліш, машинаның рулі.		
29	"Ғарышкер деген кім?".	Қазақ тілінде ғарыш, жұлдыздар, ғарышкерлер, Күн жүйесі планеталарының атаулары туралы элементарлық білімдерін қалыптастыру, балалардың ғарышкер мамандығы туралы білімдерін кеңейту; Қазақстандық алғашқы ғарышкер Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров туралы мәлімет беру.	Сөздік жұмыс. Байланыстыры п сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына «ғаламшар», «ғарыш», «күн жүйесі», «ғарышкер» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы: «ғарышқа ұшу», «зымыран» белсендіру.	Қуыршақ Дана, Тоқтар Әубәкіровтың А4 форматтағы портреті, зымыран, жер шарының, жұлдызды аспанның суреттері. "Сықырлы пішіндер" және "Көлеңкесін тап" дидактикалық ойындарына арналған әр балаға әртүрлі, түрлі - түсті пішіндер салынған конверттер.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. "Шаттық шеңбері" Е. Өтетілеуұлының өлеңін мәнерлеп оқу. Суреттерді көрсетеді. Жер туралы суреттер негізінде әңгімелеу. Т. Молдағалиевтің "Ұшқыш болам" өлеңін мәнерлеп оқу, қайталау. "Біз ғарышкер боламыз!" сергіту сәті. "Сықырлы пішіндер" дидактикалық ойыны. "Көлеңкесін тап" дидактикалық ойыны. Кейіпкермен қоштасу. "Жұлдызың жансын" рефлексиясы.	1

30	"Жайылымда нелер жайылып жүр? Үй жануарлары мен үй құстары".	Үй жануарлары мен құстардың аттарын жатқа білуге, қазақ тіліндегі балаларға арналған тақпақтарды («Көшеде») мұқият тыңдауға, тақпақ-мазақтамақтардың мазмұнын түсінуге, педагогтің үлгісімен жатқа айтуға үйрету, еліктеу сөздерін дұрыс қайталап айтуға, оларды сұрақтарға жауап беруде қолдануға үйрету; төл сөздерді еркелетіп айтылған атауларына сүйене отырып анықтауға үйрету.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына «тақпақ - жаттамақ», «сиыр», «жылқы», «қой», «ешкі» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы: «далада», «тауық», «қаз», «үйрек» белсендіру.	Ойыншық балапан немесе балапанның суреті. Сиыр, жылқы, қой (ешкінің) дыбыстары жазылған аудиожазба. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш, суретті қарауға арналған "сиқырлы сақина". Үй жануарларының демонстрациялық заттық суреттері: сиыр, жылқы, қой, ешкі. Шарбақ бойымен біраяқты жолмен қаз қатар келе жатқан үйрек, қаз,	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. Ғажайып сәт. "Дауысын танысаң, не екенін айт!" сөздік жаттығуы. Көркем сөз. "Үй жануарларының дыбыстарын қайталау" (артикуляциялық жаттығулар, диалогтар). Сергіту сәті: "Шалғынға шықты балалар". Суреттер көрсету. "Көшеде" тақпақ-мазақтамақты мәнерлеп айтқызу. Кейіпкермен қоштасу. Ойын түріндегі рефлексия.	1
----	--	---	--	---	---	---	---

					тауықтың сюжеттік суреті (мультипликациялық бейнесі).		
31	"Ақ қайың". Ағаштың құрылымы".	Қазақ тіліндегі сөйлеуді қабылдауға, қайың туралы сұрақтарға жауап беруге үйрету; сөздердің аяқталуын кішірейтетін- еркелетуді білдіретін сөз тіркестерін үйлестіре отырып, қазақ тілінде өлең жолдарын анық айтуға, сонымен қатар қимылдарды жолдардағы ырғақпен және әуен ырғағымен үйлестіруге үйрету.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына «ағаш», «гүл», «қайың» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы: «ақ қайың», «сырға», «бұр», «жапырақ», «көйлек» белсендіру.	Қуыршақ Дана. Заттық демонстрациялық суреттер: қайыңның көлеңкесі, табиғи түстегі қайың. Көрсеткіш. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Шеңбер бойымен айналып билеуге арналған әуеннің аудиожазбасы. Бір жолда қайың бейнесінің үш нұсқасы орналасқан (нақты және қате) тапсырма	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. Ғажайып сәт. Ақ қайыңды қарау жаттығуы. Көркем сөз. "Ақ айың-ау, ақ қайың" тақпағын мәнерлеп айту. Сергіту сәті: "Ақ қайың" сөздік-ритмикалық жаттығуы. Сурет қарастыру, диалог құру. "Жасырынған жерін тап" дамыту жаттығуы. Кейіпкермен қоштасу. Рефлексия "Қайыңдар айнала билейді".	1

					карталары.		
32	"Бұл менің Отаным. Қазақстан".	Қазақ тілінде Қазақстан туралы айтылған сөздерді тыңдап, түсінуге, Отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауға, жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуге, Қазақстанның негізгі мемлекеттік рәміздерінің атауын жаттауға үйрету.	Сөздік жұмыс. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына «Қазақстанның туы», «Қазақстанның елтаңбасы», «Отан» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы: «көгілдір аспан», «алтын күн», «мен Қазақстанды жақсы көремін», «Отан дегеніміз не?» белсендіру.	Аланның суреті немесе ойыншық. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранының аудиожазбасы. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Демонстрациялық материалдар: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы. «Менің Қазақстаным» бейнеролигі.	"Кел, сәлемдесейік" жаттығуы. Ғажайып сәт. Көркем сөз. "Болса да қаншама ел әлемде" тақпағын мәнерлеп оқу. Қазақстан туралы бейнеролик (слайдтар) негізінде Қазақстан туралы әңгімелесу (диалогтар). Сергіту сәті: "Отан деген не екен?" Отан деген не екен?" жаттығу-диалогі. Кейіпкермен қоштасу.	1
33	"Отаным -	Қазақ тілінде Отан туралы	Сөздік жұмыс.	Сөздік қорына	Қуыршақ Дана.	"Кел, сәлемдесейік!"	1

	бақыт мекенім! Жеңіс күні".	айтылған сөздерді тыңдап, түсінуге, Отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауға, жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуге үйрету.	Байланыстыры п сөйлеуді дамыту.	«Отан», «майдангер», «ардагер» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы: «аспанды бұлт жаппасын», «тыныштық», «мен атамды құрметтеймін» , «Тыныштық дегеніміз не?» белсендіру.	Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Демонстрациялық материалдар: Қазақстаннан шыққан әйгілі майдангерлердің суреті, "Жеңіс күніне" арналған парадтың бейнесі. «Соғыстан қайтқан қуаныш сәтінің» бейнеролигі.	жаттығуы. Ғажайып сәт. Көркем сөз. "Отан" сөзін мен қалай ұғынамын?" тақпағын мәнерлеп оқу. "Ұлы Отан соғысы" тақырыбында слайд материалдарын көрсету. Әңгімелеу. Сөздік жұмысы: майдангер. Сурет бойынша сұрақ-жауаптар ойыны. Сергіту сәті "Соқ дауылпаз!" "Соғыстан қайтқан қуаныш сәтінің" бейнеролигін көрсету. "Еліміздің қаһармандарымен танысайық" ақпараттық мәлімет. Көркем сөз. "Жеңіс күні"	
--	--------------------------------	--	---------------------------------------	---	--	--	--

						Кейіпкермен қоштасу.	
34	"Жердің көркі - гүл. Гүлдер әлемінде".	Қазақ тілінде гүлдер туралы айтылған сөздерді тыңдап, түсінуге, табиғат сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауға, жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуге үйрету. Жұмбақты құрастыруда сын есім, салыстыру сөздерін қолдана білуге дағдыландыру. Көктем гүлдерінің аттарын естеріне сақтап бекіту.	Сөздік жұмыс. Байланыстыры п сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалы қ құрылымын дамыту.	Сөздік қорына «гүлдер», «бәйшешек», «қызғалдақ», «бақбақ» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы : «көктемнің алғашқы белгісі», «нәзік гүлдер», «сұлулық», «хош иіс» белсендіру.	Гүл ханшайымы. Сергіту сәтіне арналған орташа темптегі ырғақты әуеннің аудиожазбасы. Көрсеткіш. Демонстрациялық материалдар: бәйшешек, қызғалдақ, бақбақ гүлдерінің суреттері. Жас ерекшеліктеріне сай әр балаға арналып қиылған 4 бөліктен тұратын гүлдің бөліктері.	"Кел, сәлемдесейік!" Ғажайып сәт. Гүлдер туралы суреттер негізінде жаттығуы диалогтары. Көркем сөз. "Көктемнің жаршысы" тақпағын мәнерлеп оқу. Энциклопедиялық мәлімет. "Гүлдер". "Гүл құрастыр" дидактикалық ойыны. Сергіту сәті "Гүлдер". "Шатасқан гүлдер" дамытушы ойыны. Есте сақтау жаттығуы: нақыл сөздер. "Көкті жұлма", "көкті таптама", "жалғыз ағашты кеспе".	1

						Кейіпкермен қоштасу.	
35	"Адамдардың көктемгі еңбегі".	Балалардың қазақ тілінде сөйлеу қабілетін дамыту, сын есімдерді зат есіммен үйлестіруге үйрету; адамдардың көктемгі еңбегі, егістік алқабындағы жұмыстар жайында мәлімет беріп, білімдерін бекіту. Жұмбақ шеше білу қабілеттерін, жаңылтпаштарды жаңылмай айта білу дағдыларын қалыптастыру.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту. Сөйлеудің грамматикалық құрылымын дамыту.	Сөздік қорына «топырақ», «тұқым», «көшет», «күннің көзі» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы: «көктемгі егістік», «көктемгі еңбек», «суару», «күтіп - баптау» белсендіру.	Көктемгі егістік науқанының суреттері (рет - ретімен), тұқым, көшет, жемістің суреттері.	"Кел, сәлемдесейік!" жаттығуы. Ғажайып сәт. Бейнеролик көрсету. Көктемгі егістік науқаны жайындағы қысқаша бейнеролик негізінде қарапайым әңгімелеу. Жұмбақ жасыру. Пияз. Пиязды қарастыру жаттығуы (диалог). "Сиқырлы қоржын" дидактикалық ойыны. "Алдымен не, содан кейін не?" дидактикалық ойыны. Сергіту сәті. "Бізде үлкен бақша бар".Көркем сөз. "Көзім түсті апамның".	1

						Есте сақтау жаттығуы: еңбек туралы мақал-мәтелдер жаттату. Еңбек — ата, жер — ана". Артикуляциялық жаттығу. Кейіпкермен қоштасу. Рефлексия.	
36	"Жаз келді, алақай!".	Қазақ тілінде жаз мезгілі туралы айтылған сөздерді тындап, түсінуге, табиғат сұлулығы туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауға, жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуге үйрету. Сын есім, салыстыру сөздерін қолдана білуге дағдыландыру.	Сөздік жұмыс. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.	Сөздік қорына «гүлдер», «көбелектер», «құмырсқа», «аралар» сияқты сөздерді енгізу. Сөздік қорын келесі сөздер мен сөз тіркестері арқылы : «жазғы демалыс», «суда жүзу», «күнге	"Жаз мезгілі" тақырыбында суреттер, қиылып дайындалған түрлі - түсті көбелектер мен гүлдердің суреттері, қиылған Күннің суреті, ірі модульдер (кесілген ағаштың түбірі, емен ағашы, сұр қоян мен қасқырдың маскасы).	"Кел, сәлемдесейік!" Ғажайып сәт. Жұмбақ жасыру. "Бақ-бақ". Артикуляциялық жаттығу. Көркем сөз. "Жаз келгенде даладан". "Жалғасын тауып, айт" сөздік дидактикалық ойыны. "Жазғы бейне" дидактикалық ойыны. "Өзенде" сергіту сәті.	1

